

**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті 1998 жылы ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстар туралы<\*> ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1998.08.31. N 817 қаулысымен.~P980817**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 ақпандағы N 140  
&lt;ATTR name="zg" value="Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті 1998 жылы ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстар туралы ; ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1998.08.31. N 817 қаулысымен.~P980817"/&gt;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражатын мемлекеттің меншігіне тауарлар сатып алуға және мемлекетке қажетті жұмыстар мен қызмет көрсетулерді алуға тиімді жұмсау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы (1-қосымша) мен ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті болатын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыратын тапсырысшыларының тізбесі (2-қосымша) б е к і т і л с і н . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.08.31. N 817 қаулысымен**

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментіне заңдарда белгіленген тәртіппен конкурстар өткізу үшін 1998 жылы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы мен көлемі, оларды жеткізудің мерзімдері және қаржыландыру көздері туралы қажетті мәліметтерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етсін.<\*>

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті 1998 жылы белгіленген номенклатура

және олармен келісілген мерзімде тапсырыс берушілердің тізбесі бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуға конкурс ұйымдастырсын.<\*>

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8                      ж ы л ғ ы                      2 5                      а қ п а н д а ғ ы

№                      1 4 0                      қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.08.31. N 817 қаулысымен .**

**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы болатын республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы**

М ұ н а й                      ө н і м д е р і

К ө м і р

Ұйымдастыру техникасы (мектептерді компьютерлендіруге арналған)

Мердігерлік жұмыстар ("Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған инвестициялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тізбеге енген объектілер бойынша)

Азық-түлік тауарлары (жалпы құны тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналып Қазақстан республикасының заңдарында белгіленген есепті көрсеткіштердің 10000 кем емес тауарлардың біртекті түрлерінің өнеркәсіптік өндірісі)

Заттай мүлік (жалпы құны тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналып Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген есепті көрсеткіштердің 10 000 кем емес тауарлардың біртекті түрлері)

Дәрі-дәрмектер мен медициналық мүлік (орталықтандырылған тәртіппен сатып алынған)

К ө л і к                      қ ұ р а л д а р ы

Мемлекеттік материалдық резервке аманатқа тапсырылатын материалдық ресурстар

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1998 жылғы 25 ақпандағы

№ 140 қаулысына

2-қосымша

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.08.31. № 817**

қаулысымен .

**Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті болатын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыратын тапсырысшыларының тізбесі<\*>**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі - мұнай өнімдері, көмір, азық-түлік тауарлары, мүліктік заттар, көлік құралдары.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі - мұнай өнімдері, көмір, азық-түлік тауарлары, мүліктік заттар, көлік құралдары.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті - мүліктік заттар, көлік құралдары .

Республикалық ұлан - мұнай өнімдері, азық-түлік тауарлары, мүліктік заттар, көлік құралдары .

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы - мүліктік заттар, көлік құралдары.

Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі - мүліктік заттар, көлік құралдары.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі - мүліктік заттар, көлік құралдары .

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі - ұйымдастыру техникасы, дәрі-дәрмектер, көлік құралдары.

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің материалдық резервтер жөніндегі комитеті - мемлекеттік материалдық резервтерге саналатын материалдық ресурстар .

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті - мұнай өнімдері, көмір, азық-түлік тауарлары, мүліктік заттар, көлік құралдары. <\*>

Мердігерлік жұмыстардың тапсырысшылары.